

Тұрғын үй нарығын одан әрі дамыту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 25 қыркүйек N 1281. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Президентінің "Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 жарлығымен (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 35, 405-бап) белгіленген міндеттерді орындау, тұрғын үйдің толық құнды нарқын қалыптастыру үшін қосымша жағдайлар жасау және құрылысы аяқталмаған тұрғын үйлерді пайдалануға беруді тездету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері мемлекеттік меншіктегі өз баланстарында мемлекеттік көздер есебінен салынып жатқан, дайындық деңгейі 50 және одан көп процент, құрылысы аяқталмаған тұрғын үйлері бар министрліктер, ведомстволар, кәсіпорындар және ұйымдар оны Қазақстан Республикасының Тұрғын үй құрылысы мемлекеттік банкінің (бұдан әрі - Тұрғынүйқұрылысбанкі) жарғылық қорына берсін.

2. Тұрғынүйқұрылысбанкі жарғылық қорға берілген салынып бітпеген тұрғын үйлер көлемінің 20 процентке дейінгісінің құрылысын өз қаражаты есебінен аяқтасын және оларды кезекте тұрғандарға бөліп беру үшін дайын пәтерлер түрінде алғашқы тапсырыс берушіге қайтарсын.

Тұрғынүйқұрылысбанкінің жарғылық қорына берілген салынып бітпеген үйлердің қалған көлемінің құрылысын аяқтау осы банкінің тұрғын үй несие-жинақ шоттарына салынған халықтың қаражаты есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

Осы тұрғын үйдің құрылысына бұрын жұмсалған шығындардың орны Тұрғынүйқұрылысбанкінің азаматтарға төлем ақыны 5 процент жылдық өсіммен 10 жылға дейін мерзімде бөліп-бөліп төлеуіне мүмкіндік беруі арқылы халықтың қаражаты есебінен толтырылады.

3. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері Тұрғынүйқұрылысбанкіне берілген тұрғын үйлердің құрылысын аяқтау жөніндегі тапсырыс берушінің міндетін коммерциялық үй салушылардың мемлекеттік компанияларына жүктесін.

4. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда

құрылыс салу министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті атқару өкіметінің республикалық органдарының - құрылыстардың тапсырыс берушілерінің келісімі бойынша мемлекеттік көздер есебінен салынып жатқан, дайындық деңгейі 50 проценттен төмен мемлекет меншігіндегі құрылысы аяқталмаған тұрғын үйлерді инвестициялық және коммерциялық конкурстарда, сондай-ақ аукциондарда өткізу үшін беру немесе сату туралы шешім қабылдасын. Сату үшін берілген бұл объектілерді өткізуді Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті жүзеге асырады.<*>

Осынау аяқталмаған объектілерді сатудан алынған қаражат саудаластықтар өткізуге жұмсаған шығындар шегеріліп, жаңа тұрғын үй саясатын жүзеге асыру үшін жыл сайын республикалық бюджетте ескерілетін мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін 20 процент қаражат есебіне кезекте тұрғандарға арналған тұрғын үй құрылысы үшін несие қорларын толықтыруға Тұрғынүйқұрылысбанкіне жіберіледі.<*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.07.03. N 18-І Заңымен, ҚР Үкіметінің 1996.09.03. N 1082 қаулысымен.

5. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері бір ай мерзім ішінде бұрын мемлекеттік қаржы есебінен қаржыландырып келген құрылысы басталған және аяқталмаған тұрғын үй объектілерінің дайындық деңгейін, құрылысты аяқтау үшін жұмсалған және жетіспейтін қаражаттың көлемін көрсете отырып, толық тізбесін әзірлеп, оны Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне беретін болсын.

6. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті және Тұрғынүйқұрылысбанкі бір ай мерзім ішінде құрылысы аяқталмаған тұрғын үйлердің құрылысын аяқтау және сатуға беру, сондай-ақ салынып бітпеген тұрғын үйлердің құрылысын аяқтау үшін халықтың қаражатын Тұрғынүйқұрылысбанкінің тұрғын үй несие-жинақ шотына тарту тәртібі туралы ережені бекітсін.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тұрғын үй нарығын дамыту үшін Тұрғынүйқұрылысбанкіне жылжымайтын мүлік кепілдігімен орта мерзімді кредит ресурсын беру ұсынсын.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Тұрғынүйқұрылысбанкі Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, Құрылыс, тұрғын үй және

аумақтарда құрылыс салу министрлігімен және басқа да мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп 2 ай мерзімде халықтың қолында қалған тұрғын үй купондарын одан әрі пайдалану жөнінде ұсыныс әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау және үйлестіру Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігіне жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК